

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының әскери тасымалдар жөніндегі шығындарын өтеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 278 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңын және "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының әскери тасымалдар жөніндегі шығындарын өтеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 0 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 7 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының әскери тасымалдар жөніндегі шығындарын өтеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының әскери тасымалдар жөніндегі шығындарын өтеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) ол Ресей Федерациясының шекара әскерлерін транзиттік тасымалдауды жүзеге асырған кезде шеккен шығындарын өтеу тәртібін (бұдан әрі - кредиторлық берешекті өтеу) р е г л а м е н т т е й д і .

Қоғам алдындағы кредиторлық берешекті өтеу тиісті қаржы жылына арналған 006 " Өткен жылдардың міндеттемелерін орындау" республикалық бюджеттік бағдарламасының паспортына (бұдан әрі - паспорт) сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кредиторлық берешекті өтеу үшін құжаттарды дайындау және ұсыну

2. Қоғам 2003 жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей тиісті республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне (бұдан әрі - бағдарламаның әкімшісі) 3 данада нотариалды түрде куәландырылған:

1) осы Ереженің 1-тармағына сәйкес Қоғамның дебиторлық берешегін ашып жазып, есепті қаржы жылындағы бухгалтерлік теңгерімнің және айналымдағы теңгерімнің көшірмесін;

2) Қоғамның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәліктің көшірмесін;

3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің Ресей Федерациясының шекара әскерлері үшін транзиттік тасымалдарды жүзеге асыру жөнінде "Қазақстан темір жолы" РМК (Қоғам) көрсеткен қызметтердің құнын және паспортқа сәйкес өтеуге жататын, бухгалтерлік есепте көрсетілген тасымалдар үшін сомалардың дұрыс көрсетілуін тексеру актісінің көшірмесін;

4) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Ресей Федерациясы шекара әскерлерінің транзитін растайтын "Қазақстан темір жолы" РМК (Қоғам) мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арасындағы салыстыру актілерінің көшірмелерін ұсынады.

3. Кредиторлық берешекті өтеу бойынша есеп айырысуды жүргізудің тәртібі

3. Бағдарламаның әкімшісі 2003 жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген құжаттарды Қоғамның толық тапсыруына тексеру жүргізеді және Ережеге қосымшаға сәйкес нысанда кредиторлық берешектің тізілімін жасайды.

4. Бағдарламаның әкімшісі кредиторлық берешектің тізілімі негізінде Қоғам алдындағы кредиторлық берешекті тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда 006 "Өткен жылдардың міндеттемелерін орындау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде өтейді.

Бағдарламаның әкімшісі Қоғамның есеп айырысу шотына қаражатты аудару үшін қазынашылықтың аумақтық органына осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген құжаттар қоса берілген кредиторлық берешектің тізілімін ұсынады.

4. Есепке алу және есептілік

5. Қоғамның бухгалтерлік есебінде кредиторлық берешекті өтеу Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасына сәйкес көрсетіледі.

5. Дауларды қарау тәртібі

6. Кредиторлық берешекті өтеу процесінде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен қаралады.

6. Бақылауды қамтамасыз ету

7. Бағдарламаның әкімшісі Қоғамның есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты есепке алу жөніндегі аударым операцияларының жүргізілуін бақылауды қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ